

ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

№131 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТҚАРҒАН
І ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ
ЕСЕБІ

2024 – 2025 оқу жылы

2024 - 2025 оқу жылының қыркүйек айында педагог – психологтың оқу – тәрбие процесінде жылдық жұмыс жоспарымен және мектептегі басқа қызметкерлермен бірлескен жұмыс жоспарлары бекітілді. Педагог – психологтың жылдық жұмыс жоспары мектеп психологтарына арналған «Мектеп психологы үшін әдістемелік құрал» және іс – тәжірибемізде қолданылып жүрген түрлі педагогикалық – психологиялық оқулықтарға сүйене отырып құрылды. Педагог- психологтың жылдық жоспары әдістемелік кеңестің шешімімен бекітілген. Педагог–психолог 2024 - 2025 оқу жылының I тоқсанында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

1. Мектепте педагог - психологтың істер номенклатурасы бойынша жоспарлар бекітіліп, құжаттарға толықтырулар енгізілді және жаңартылды.
2. Педагог - психолог педұжымды, ата-аналарды және оқушыларды психологиялық қызметтің мақсатымен, міндеттерімен, жаңа оқу жылының жұмыс жоспарларымен таныстырды. Мектептегі басқа қызметкерлермен бірлескен жоспарлар құрастырылып, бекітілді.
3. Мектепке қабылданған 1 сынып оқушыларының психологиялық даярлығын анықтау мақсатында «Керн-Йрасек» тесті: -ер адамның суретін салу; -сөздер көшірмесі; -нүктелер көшірмесі алынды. Жалпы оқушылар сұрақтарға жауап береді, сөйлейді, санайды, түстерді ажырата алады, тақпақ-ертегілер айта алады. Мектепке жайлап бейімделіп келеді.
4. Мектеп әкімшілігімен бірлесіп қыркүйек айында «Мектепішілік жалпы ата-аналар» жиналысы өткізілді. Осы жиналыста «Отбасындағы қарым-қатынастың психологиялық мәселелері» тақырыбында баяндама жасады. Ата-аналарға тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы! тақырыбында видеоролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 1-11 сынып оқушыларының ата-аналары түгел келіп, қатысты.
5. Мектеп оқушылары арасынан психологиялық дамуы тежелген бірнеше оқушының құжаттарын дайындап, ПМПК мамандарының тексеруінен өтуге жіберілді. Тексеру нәтижесінде мына 9 оқушыға инклюзивті оқытуға жолдама берілді: 7 «Д» -Серікбай Ибрахим, 5 «Е» - Теміралы Азат, 3 «Д» Болат Елнар, 3 «Ғ» Егізбай Айым, Асанхан Жанель, Серікбай Раяна, Ағабай Нұрсейіт, Өмірбек Айзере, Өмірбек Нурболат.
6. 2024-2025 оқу жылында мектебімізде жалпы 13 оқушы денсаулығына байланысты, ПМПК бұйрығы бойынша үйде оқытылады. Оларға сабақ кестесі бойынша психологтар тарапынан коррекциялық сабақтар өтіліп отырады. Олар мына төмендегі оқушылар:
 1. Бөрітай Балнұр Сұлтанқызы-7 "В" сынып
 2. Балабек Еркебұлан Ғаниұлы-11 "Г" сынып
 3. Базарбай Айсұлтан Сабитұлы-2 "В" сынып ы
 4. Ахилбек Қанат Кунтуреулы-11"Ә" сынып
 5. Алпысбай Аяулым Айтасқызы-7-Ә сынып
 6. Әділ Нұрасыл-9 сынып
 7. Едил Каусар Чингизқызы-5 "Б" сынып
 8. Абдимутавалиев Ерсұлтан Илиясұлы-7 "Д" сынып
 9. Азимбаев Расул Махканович-6 "Е" сынып
 - 10.Нургалиев Нуршат Жансериковна-1"Е" сынып
 - 11.Жұмағали Мереке Бақтиярқызы-1"Е" сынып
 - 12.Алдамұратова Айдана Азаматовна- 4"Е" сынып

13.Қарабай Алинұр Даниярұлы- 4"Г" сынып

7. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды бақылау. Мектебімізде 13 ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар бар. ДОІЖО, медбике, әлеуметтік-педагог, педагог-психолог бірге оқушылардың үйін аралап, оқушылардың көңі-күйін бақылап, сабақ кестесімен таныстырып қайтты.
8. Мектеп алды даяурлық тобының ата-аналарына ашық сабақ ұйымдастырылды. «Күн шуағы» ата-аналарды ұйымшылдыққа шақыру мақсатында тренинг жүргізілді. «Ата-ана, өзін баланың орнына қойып көру» ойыны жүргізілді. Балаға түбегейлі шектеу қоймай, балаға сенім білдіру керегін, мотивация беруіміз керек деп өз ойларымен бөлісті. Ата-аналар өте белсенді қатысып, жиналысты жақсы көңіл-күймен аяқтады.
9. «БУЛЛИНГ ПЕН КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН – ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА АЛУ» тақырыбында 5 сынып және 6 сыныптар арасында психологиялық тренинг сабағы өткізілді. Мақсаты: арасындағы етек жайып бара жатқан буллингтің алдын- алу, Оқушылардың балаларды буллингке қарсы тұру қасиеттерін үйренуге жағдай жасау.
10. "Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру туралы" ата аналарға арналған жалпы жиналыс өткізілді. Жиналыста психологиялық тренинг жүргізіліп, психологиялық кеңестер берілді. «Күн шуағы» ата-аналарды ұйымшылдыққа шақыру мақсатында тренинг жүргізілді. Ата-аналар өте белсенді қатысып, жиналысты жақсы көңіл-күймен аяқтады.
11. ДОІЖО Р.Х.Карабоева 11 сынып атаналары мен сынып жетекшілерін жинап биылғы 2024-2025 оқу жылындағы ҰБТ-ның өзгерістері мен ережелерін айтып түсіндірді. Психологиялық тренинг жүргізіліп, кеңестер берілді. Жадынамалар тарқатылды, ата-аналар тренингке өте белсенді қатысып, балаларын тестілеуге дайындау барысын әнгімеледі, ой бөлісті. Ситуациялық сұрақтарға белсене жауап берді. Жиналысты жақсы көңіл-күймен аяқтады.
12. 11 сынып оқушыларына «Болашаққа бастар жол» тақырыбында психологиялық тренинг сабағы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, нәтижеге жетуге ықпал жасау, оқушылардың білім алу, мақсатқа жету мен сынып өміріне қатысу қабілеттерін арттыру үшін оны тұлға ретінде дамытуға ерекше назар аудару.
13. Мектебімізде оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында 9-10 сынып ұл балаларға «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында психологиялық қолдау көрсетілді. Тренинг барысында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбы бойынша кеңінен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың өзін-өзі жоғары бағалауға

арналған жаттығулар «Жүректен жүрекке» жаттығу жүргізілді, сонымен қатар ұжым болып бірлесіп, топ басшыға бағынып жұмыс жасауға үйрету мақсатында «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» жаттығуы жүргізілді. Оқушылар психологиялық тренингке белсене қатысып, өз ойларымен бөлісіп өтті.

14. Мектепте 1-11 сынып оқушылары жайлы мәліметі, тізімдерін жинап олардың жеке диагностикалық картасы, мінездемесі және сыныптардың топтық портреті толтырылды. 1 сыныптардың мектепке психологиялық дайындықтары мен бейімділігі (адаптация) анықталды. 1 сыныптардың оқу жазу дағдыларын және мектепке бейімділігін анықтау мақсатында Йрасек- Керн әдістемесі алынды. 1 сыныптардың жалпы саны: 226, қатысқаны: 213, қатыспаған оқушы саны: 13. 1 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д», «Е», «Ж», «З» сыныптардың адаптациясы анықталды. Сауаланама нәтижесінде бейімдеуді қажет ететін 7 оқушы анықталды. Анықталған оқушылардың ата-аналары мен сынып жетекшілері бірлесе отырып, қосымша сабақтар ұйымдастыру қажет. Оқушылар арасында тілі анық, тынысы жақсы қойылған, дауысы мәнерлі, қоңыржай екпінімен сөйлейді, әр түрлі сөйлемдерді дұрыс құра алатын оқушылар анықталды. Бір - бірімен қарым – қатынастары жақсы.

15. 5 сыныптардың мектепте психологиялық бейімділігі (адаптация) анықтау мақсатында Лусканованың сауалнамасы алынды. Адаптациясы бойынша тоқсан бойы жұмыстар жүргізілді. 5 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д», «Е», «Ж», «З» сыныптардың жалпы саны: 249, қатысқаны: 228, қатыспаған оқушы саны: 21. Сыныптардың оқушылары тапқыр, бағдарламаны жеңіл меңгереді, сұрақтарға қиналмастан сенімді жауап береді. Оқу мотивациясы мен адаптация жақсы қалыптасуда. Өз бетінше сабақ оқығанды ұнатады, үлкендердің көмегін қажет етпейді. 5 сыныптың кейбір оқушыларында адаптация баяу жүрді. Сауалнама нәтижесінде бейімдеуді қажет ететін 4 оқушы анықталды. Анықталған оқушылармен жеке кеңес беру жұмысы жүргізілді. Таным процестері мен психологиялық ерекшеліктеріне байланысты жаңа пәндер мен мұғалімдерге бейімделуде.

16. ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚ-ТӘУЕЛДІЛІК (ЛУДОМАНИЯ) тақырыбында 9 сынып және 10 сыныптарға психологиялық тренинг сабағы өткізілді. Мақсаты: Ойынқұмарлықтың адамның өмірін бұзып, психикалық және физикалық денсаулығына әсер етуі туралы мағлұмат беру; тәуелділік туралы мағлұмат алып, зардабымен таныстыру.

17. «Мен буллингке қарсымын!» тақырыбында 10 сынып оқушыларымен бірігіп «Біз буллингке қарсымыз» челленджін жолдады. Мақсаты: Оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу, суицидті болдырмау, өмір қауіпсіздіктерін сақтау, «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту. Оқушылар арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайлардың алдын алу. Сынып оқушыларын сыйластыққа, ұйымшылдыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу. Баланың өзін-өзі бағалауын көтеру.

18. **«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»** тақырыбында 9 сыныптарға психологиялық тренинг сабағы өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту; адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету; зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру; жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.
19. Мектебімізде 13 ерекше білім беруді қажет ететін және 9 инклюзивті оқытылатын оқушылар бар. 25-қазан Республика күні мерекесіне орай қала әкімінің оқушыларды қуантуға арнайы дайындаған, оқушыларға жіберген сыйлықтарын ДОІЖО, әлеуметтік-педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілері бірге оқушылардың үйін аралап, оқушыларға табыстап шықты.
20. Мұғалімдер арасындағы қарым – қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл – күйден арылу, сенімділікті арттыру, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу мақсатында «Мұғалім мектеп жүрегі, көңілді жүрсін үнемі» тақырыбында психологиялық ойын жүргізілді. «Сәлемдесу» сергіту сәті мен «Көңілді күн» әуеніне би ырғағымен жаттығу жасалды. Ұстаздар белсене қатысып, жақсы көңіл – күймен аяқтады.
21. Мектептегі «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефондарына» бұйрық шығарылып, жоспар бойынша құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары мен түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізіліп отырды.
22. Тәуекелшіл, аутоагрессияға бейім топтағыларды анықтау, баланың эмоциялық сферасының жағдайын, ашушаңдығын және оның қарқынын айқындау мақсатында 3 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д», «Е», «Ж». 4 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д», «Е», «Ж» сынып оқушыларына М.А.Панфилованың «Кактус» проективті әдісі жүргізілді. 3-4 сынып оқушыларының жалпы саны: 441, қатысқаны: 368, қатыспаған оқушылар саны: 73. Әдістеме нәтижесінде 7 оқушыдан аздап агрессия анықталды. Анықталған оқушылармен жеке кеңес беру жұмысы жүргізілді. Суретті салып болған соң ғана оқушыға сұрақ қойылады. Кактус үйде өседі ме, әлде жабайы ма?, оны ұстауға болама?, Кактусты күтіп баптаған ұнайды ма? Деген сияқты сұрақтар қойылады.
23. Г.Айзенктің «Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау» мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. 9-11 сынып оқушыларының жалпы саны: 392, қатысқаны: 356, қатыспаған оқушы саны: 36. Зерттеу қорытындысы нәтижесінде үрейшілдік, әлек болу, агрессивтілік, икемсіздік шкалалары бойынша орташа деңгейді көрсеткен 5 оқушы анықталды. Анықталған оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді, сынып жетекші мен ата-анасы бірлесе жұмыс жасау ұсынылды.
24. «Оқушылар бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау» Оқушылардың көңіл-күйін, өзіндік бағасын, қобалжуын, мазасыздануын, депессиясын анықтайды. 5-8 сынып оқушылары жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез – құлық бітістерін тану. Оқушының мектептегі мінез

ерекшеліктерін тану мақсатында «Кондаш» (қобалжу шкаласы) әдістемесі жүргізілді. 5-8 сынып оқушыларының жалпы саны: 883, қатысқаны: 782, қатыспаған оқушы саны: 101. Сауалнама қорытындысы нәтижесінде мазасыздануы аздап жоғары 37 оқушы анықталды. Анықталған оқушылармен жеке кеңес беру жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшілеріне ескертіліп, қосымша жұмыс жүргізу ұсынылды.

25. Мектепте 5-11 сынып аралығында «Буллинг пен кибербуллингтің алдын-алу» бойынша «Әлімжеттік: әлсіздік пе әлде әдет пе? тақырыбында психологиялық ағарту сабақтары өткізілді. Оқушыларға кибербуллинг-әлеуметтік желілер, онлайн ойындар, интернет арқылы психологиялық бір түрі екенін айтып түсіндірді. 10 «А» сынып оқушылары «Буллингке жол жоқ» 10 «Б» сынып оқушылары «Кибербуллингке қарсымыз» деп плакатқа суреттерін салып, ауызша өз ойларын айтып шықты.

26. Желтоқсан арасында салауатты өмір салтын насихаттау және ЖИТС/АИТВ –ның алдын алу мақсатында түсіндіру, ағарту жұмыстары жүргізілді. Соңында оқушыларға видеороликтер мен слайдтар көрсетілді. айында «Дүниежүзілік СПИД күніне» орай 9 сынып оқушыларына арнайы дайындалған слайдтар көрсетіліп, оқушыларға көптеген профилактикалық кеңестер берілді.

27. Мектептегі инклюзивті және сұраныс берумен келген оқушылармен коррекциялық жұмыстар жүргізіліп, психологиялық кеңестер беріліп отырды. Инклюзивті балалармен жеке түзету жұмыстары жүргізілді. Ата анамен мұғалімдер тарапынан сұраныспен келген оқушыларға жеке коррекциялық жұмыстар жүргізіліп, ата-аналарына психологиялық кеңестер беріліп отырды.

28. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Қатыгездік пен зорлық, оларға қалай қарсы тұру керек» тақырыбы бойынша 8-ші сынып оқушылары арасында жиналыс және психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: Өмірдің қарама-қайшы қырлары мен күнгейіне сипаттама бере отырып, жасөспірімдерді өмірлік құндылықтарды бағалауға ынталандыру, өмірдің мәнін түсіндіру, дұрыс көзқарас қалыптастыру. Тренинг барысында «Құбыр» және «Кедергілерден өту» жаттығулары жүргізілді.

29. 10 «В» сынып оқушыларының көңіл-күйін, өзіндік бағасын, қобалжуын, мазасыздануын, депрессиясын анықтау мақсатында «Зунг» әдістемесі алынып, қорытынды жасалынды. Оқушылардың жалпы саны: 27, қатысқаны: 21, қатыспаған оқушы саны: 6. Жалпы сыныптың мазасыздануы, уайым, өзін – өзі көрсету, жоғары стресс белгілері байқалмады. Оқушыларда бірі жақсы, қалыпты.

30. Оқушылардың бойында болып жатқан жағымсыз көңіл – күйден арылу, күш – қуат жинау, өзін – өзі тану, өз орнын табуға көмектесу. Оқушылардың арасындағы қарым – қатынасын нығайту, оқушыларға жақсы көңіл –күй сыйлау мақсатында «Мен өмірді сүйемін!» тақырыбында 10 «В» сыныбына психологиялық тренинг жүргізілді. Психологиялық тренингке оқушылар белсенді қатысты. Оқушыларға болашаққа бағыт – бағдар берілді.

31. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға Жана жылдық мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, сыйлықтар табыс етілді. Мерекеге келе алмаған оқушыларға жеке үйлеріне барып сыйлықтары табысталды.

Мектеп директоры:

К.С.Жарасова

Педагог – психологтар:

Д.Ноқтырбекқызы
А.Қ.Жақсылық